

3. Тарихи тұлғаларға байланысты атаулар: Манас есімі мен оған қатысты антропонимдік қабат.
4. Мәдени-рухани орталықтардың ықпалы діни орындар мен әулиелерге қатысты топонимдер.
5. Шаруашылық және әлеуметтік құрылым мал өсіру, егіншілік, сауда жолдарына қатысты атаулар.

Қараманас ауылының топонимдік жүйесі Орталық Азия өңірінің мәдени-тарихи дамуының айқын көрінісі болып табылады. Атаулар халықтың тұрмысы, өткен тарихы, этникалық құрамы, рухани дүниесі туралы мол ақпарат сақтайды. Сондықтан Қараманас топонимиясын зерттеу тек бір ауылдың ғана емес, бүкіл өңірдің тарихи-мәдени болмысын тануға жол ашады.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу Қараманас ауылы мен Ташкент өңіріндегі ономастикалық атаулардың ғасырлар бойы қалыптасқан күрделі тарихи-мәдени жүйе екенін көрсетті. Жер-су атаулары бұл аумақтың табиғи ерекшеліктері мен этникалық құрамын ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани дүниетанымы мен әлеуметтік өмірін де айқын бейнелейді. Табиғи рельефке, судың сапасына, топырақтың түсіне, өсімдіктер дүниесіне қатысты атаулар жергілікті жердің экологиялық жағдайын сипаттаса, этнотопонимдер ру-тайпалардың қоныстану тарихын анықтауға мүмкіндік береді. Қараманас атауының этимологиясы бірнеше тарихи қабатты біріктіреді: көне түркі антропонимі, ру немесе батыр есімі, сондай-ақ жер бедерімен байланысты болуы мүмкін деген жорамалдар қатар өмір сүреді. Бұл атаудың көп қабатты мазмұны өңірдің бай тарихи-этникалық дамуын көрсетеді. Сонымен қатар, маңайдағы мәдени-діни атаулар өңірдің рухани өмірінің дамығанын дәлелдейді.

Шаруашылыққа қатысты атаулардың молдығы жергілікті халықтың өмір салтында мал шаруашылығы мен егіншіліктің маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Бұл атаулар тарихи кезеңдер бойынша аймақтың экономикалық құрылымын зерттеу үшін құнды материал болып табылады.

Жалпы алғанда, Қараманас ауылының топонимдік жүйесін зерттеу - өңір тарихын, этнографиясын, тілдік дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыт. Зерттеу нәтижелері ономастикалық атаулардың кездейсоқ емес, белгілі бір тарихи, әлеуметтік және мәдени заңдылықтар негізінде қалыптасатынын дәлелдеді. Сондықтан Қараманас өңірінің топонимиясын болашақта кеңейтілген этнолингвистикалық, археологиялық және тарихи зерттеулермен толықтыру өзекті болып табылады. Қараманас ауылы мен оның маңайындағы ономастикалық атаулар аймақтың ежелгі тарихи кезеңдерінен бастап қазіргі заманға дейінгі мәдени-этникалық даму тарихын тұтас көрсететін жүйе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Абдрахманов, Ж. Қазақстан ауылдарының тарихи аттары. Алматы: Ғылым, 2015. 240 б.
2. Баймұхамбетов, Т. Ономастика және жергілікті атаулар тарихы. Астана: Лик, 2018. 192 б.
3. Ниязов, Т.Н. Ташкент облысының тарихи және географиялық аттары. Ташкент: Шарк, 2010. 210 б.
4. Ташкент облыстық архиві. Қараманас ауылының тарихи құжаттары. Ташкент, 2008.
5. Шарипов, Р. Ономастикалық зерттеулер әдістемесі. Ташкент: Фан, 2013. 200 б.

ҚЫЗЫЛЖАР АЙМАҒЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ: ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МӘНІ

Бакджанова А.Б.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті,

abakdzanova@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл зерттеу Солтүстік Қазақстан өңірінің, әсіресе Қызылжар аймағының ономастикалық жүйесін жан-жақты талдауға бағытталған. Географиялық атаулар мен жер-су аттары аймақтың тарихи жадын, этникалық құрамын, табиғи ерекшеліктерін және мәдени-рухани құндылықтарын сақтайтын

маңызды тілдік дереккөз болып табылады. Солтүстік Қазақстан топонимиясы көпқабатты және күрделі құрылымға ие, себебі онда қазақ (түркі) және орыс текті атаулар кең таралған. Жұмыста ойконимдер, гидронимдер, этнонимдерден туындаған атаулар, эмоционалды-бағалауыш топонимдер, табиғат құбылыстары мен флора-фаунаға байланысты аттар талданды. Зерттеу тарихи кезеңдерді де қамтиды: XVIII ғасырдағы отарлық саясат, әкімшілік-әскери реформалар және XX ғасырдағы кеңестік идеологияның географиялық атауларға әсері жан-жақты қарастырылды. Кеңес дәуірінде партия қайраткерлері, революционерлер, діни мерекелер мен христиандық әулиелердің есімімен жер-су аттарын атау кең таралғаны көрсетілген. Сонымен қатар, Аралағаш, Бескөл, Есіл, Ертіс, Қызылжар сияқты атаулардың шығу тегі этимологиялық, тарихи және географиялық тұрғыдан түсіндірілді. Мысалы, Есіл және Ертіс гидронимдері көне түркі түбірлерінен туындап, өзеннің табиғи сипатымен үйлеседі. Тәуелсіздік жылдарында тарихи атауларды қалпына келтіру, ұлттық нормаларға сай транскрипциялау, идеологиялық атауларды жою сияқты шаралар жүзеге асырылды. Бұл үрдіс аймақтың ұлттық ономастикалық болмысын сақтау, тарихи-мәдени мұраны дәріптеу және аймақтық ерекшеліктерді сақтау мақсатында маңызды болып отыр. Қызылжар аймағының ономастикасын зерттеу аймақтың тарихи-мәдени дамуын, әлеуметтік және табиғи факторларды, этникалық және тілдік үрдістерді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу жергілікті жер-су атауларының тарихи, мәдени және лингвистикалық маңыздылығын ғылыми дәлелдейді және аймақ картасын жүйелеу, болашақ ономастикалық зерттеулер үшін берік негіз қалдырады.

Кілт сөздер: Топонимика, Ономастика, Географиялық атаулар, Есіл, Ертіс, Қызылжар, Этнонимді топонимдер, тарихи атаулар, русификация, тарихи-мәдени мұра
Аннотация

Данное исследование посвящено комплексному анализу ономастической системы Северного Казахстана, в частности, района Кызылжар. Географические названия и гидронимы являются важными лингвистическими источниками, сохраняющими историческую память, этнический состав, природные особенности и культурно-духовные ценности региона. Топонимия Северного Казахстана многослойна и сложна, так как включает как казахские (тюркские), так и русские названия. В работе рассматриваются ойконимы, гидронимы, названия, образованные от этнонимов, эмоционально-оценочные топонимы, а также названия, связанные с природными явлениями и флорой и фауной. Также анализируются исторические процессы: колониальная политика XVIII века и влияние советской идеологии XX века на географические названия. В советский период было распространено наименование населённых пунктов и улиц в честь партийных деятелей, революционеров, религиозных праздников и христианских святых. Этимология таких названий, как Аралағаш, Бескөл, Есиль, Иртыш и Кызылжар, рассматривается с исторической, лингвистической и географической точек зрения. В годы независимости предпринимаются меры по восстановлению исторических названий, их адаптации к национальным нормам орфографии и удалению идеологических названий. Эти меры имеют важное значение для сохранения национальной ономастической идентичности, культурного наследия и региональной специфики. Таким образом, изучение ономастики района Кызылжар позволяет лучше понять историко-культурное развитие региона, а также влияние социальных, природных, этнических и языковых факторов. Исследование подчёркивает историческое, культурное и лингвистическое значение местных гидронимов и топонимов, создавая основу для картографирования региона и будущих ономастических исследований.

Ключевые слова: топонимика, ономастика, географические названия, Есиль, Иртыш, Кызылжар, этнонимные топонимы, исторические названия, русификация, историко-культурное наследие.

Abstract

This study focuses on a comprehensive analysis of the onomastic system of the North Kazakhstan region, particularly the Kyzylzhar area. Geographical names and hydronyms serve as important linguistic sources that preserve the historical memory, ethnic composition, natural features, and cultural-spiritual values of the region. The toponymy of North Kazakhstan is multi-layered and complex, as it includes both Kazakh (Turkic) and Russian-origin names. The research examines oikonyms, hydronyms, ethnonym-derived names, emotionally evaluative toponyms, as well as names based on natural phenomena and flora-fauna. Historical processes are also considered, including the colonial policies of the 18th century and the impact of Soviet ideology in the 20th century on geographical names. During the Soviet era, it was common to name settlements and streets after party leaders, revolutionaries, religious holidays, and Christian saints. The etymology of names such as Aralagas, Beskol, Esil, Irtysh, and Kyzylzhar is analyzed from historical, linguistic, and geographical perspectives. In the years of independence, measures have been taken to restore historical names, adapt them to national orthographic standards, and remove ideological names. These efforts are crucial for

preserving the national onomastic identity, cultural heritage, and regional distinctiveness. In conclusion, studying the onomastics of the Kyzylzhar area allows for a better understanding of the historical and cultural development of the region, as well as the influence of social, natural, ethnic, and linguistic factors. This research highlights the historical, cultural, and linguistic significance of local hydronyms and toponyms, providing a solid foundation for the organization of regional maps and future onomastic studies.

Keywords: toponymy, onomastics, geographical names, Esil, Irtysh, Kyzylzhar, ethnonym toponyms, historical names, colonization, historical-cultural heritage

Кіріспе

Қызылжар аймағының географиялық атаулары - Солтүстік Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін айқын көрсететін маңызды тілдік құндылық. Бұл өңірдің топонимиялық жүйесі тек жер-су аттарымен шектелмей, халықтың тарихи жадын, этникалық құрылымын, әлеуметтік және мәдени үрдістерін бейнелейтін күрделі ономастикалық қабатты құрайды. Топонимдер белгілі бір елді мекеннің, өзеннің немесе табиғи нысанның атауын білдіргенімен, олардың мәні таза географиялық сипаттан әлдеқайда кең. Олар тарихи, мәдени, этнолингвистикалық және саяси контексттермен тығыз байланысты. Солтүстік Қазақстан топонимиясының қалыптасуы ежелгі түркілік мәдени қабаттан басталып, орыс отарлау саясаты мен кеңестік идеологияның ықпалымен көпқабатты құрылымға айналды. Сондықтан аймақ атауларын зерттеу тілдік құбылыстарды талдаумен ғана шектелмей, тарихи, әлеуметтік және мәдени процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Аймақтың атаулар жүйесінде ең алдымен табиғи-ландшафтық топонимдер ерекше орын алады. Аралағаш атауы «арал» және «ағаш» сөздерінен құралған, бұл «екі өзен арасындағы орманды алқап» немесе «арал тәрізді тоғай» мағынасын береді. Осы тәрізді Бескөл гидронимі өңірде қатар орналасқан бес көлдің болуына байланысты қалыптасқан. Мұндай лексикалық модель қазақ топонимиясында кең таралып, табиғи нысандардың саны мен формасын сипаттайтын атаулардың жиі қолданылғанын көрсетеді. Ертіс өзенінің атауы да көне түркілік түбірлерге негізделіп, «ирелендеп ағатын өзен» мағынасын береді деп түсіндіріледі. Есіл гидронимі түркі тілдеріндегі «көгілдір, жасыл» реңкті білдіретін көне сөздермен байланыстырылып, суының табиғи түсін сипаттайды. Бұл атаулар аймақтың табиғи ландшафтын, ежелгі түркілік дүниетаным элементтерін және көне тілдік қабаттардың сақталуын айқын көрсетеді. Топонимияның келесі маңызды қабаты этнонимдік және антропонимдік атаулардан тұрады. Айбас, Айсары, Мамбет, Майқоткел сияқты атаулар өңірдің ру-тайпалық құрылымын, этникалық тамырларын және тарихи қоныстану ерекшеліктерін білдіреді. Мұндай топонимдер этностық тарихты қалпына келтіруде, көне қоныстардың орналасуын анықтауда және халықтың мәдени-тарихи кеңістігін зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. XVIII ғасырдан бастап Солтүстік Қазақстанда орыс отарлау саясаты әсерінен қазақша атауларды өзгерту үдерісі басталды. Қазақша тарихи атаулар ресми карталарда орысша нұсқалармен ауыстырылып, әкімшілік басқару мен әскери мақсаттарға бейімделді. XIX ғасырдың карталарында көптеген табиғи нысандардың, көлдер мен елді мекендердің жаппай орысшаланғаны анық көрінеді. Кеңес дәуірінде бұл құбылыс идеологиялық сипат алып, елді мекендерге революционерлердің, партия қайраткерлерінің немесе кеңестік рәміздердің атаулары берілді. Мұндай өзгерістер аймақтың тарихи жадына, мәдени кеңістігіне және тілдік бейнесіне айтарлықтай ықпал етті. Тәуелсіздік кезеңінде Солтүстік Қазақстанның топонимиялық кеңістігі қайта қаралып, тарихи атауларды қалпына келтіру ісі белсенді түрде жүргізілуде. Бұл жұмыстар аймақтың ұлттық ономастикалық болмысын сақтау, тарихи әділдікті қалпына келтіру, мәдени мұраға құрметті арттыру және қазақ тілінің топонимиялық нормаларын орнықтыру мақсатында жүзеге асуда. Қалалар мен ауылдарға тарихи атаулардың қайтарылуы жергілікті халықтың ұлттық бірегейлігін нығайтып, тарихи жадтың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Осылайша, Солтүстік Қазақстанның топонимиясын зерттеу өңірдің табиғи-географиялық, тарихи, этникалық және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Топонимдер - халықтың тарихи жадын, рухани мұрасын және мәдени кодын сақтайтын ерекше құбылыс. Оларды ғылыми тұрғыдан талдау аймақтың ономастикалық картасын жүйелеуге, этникалық және тарихи үдерістерді зерттеуге және өңірдің мәдени-тарихи дамуын бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулер Солтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын терең түсінуге бағытталған маңызды ғылыми үрдіс болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында Солтүстік Қазақстан, әсіресе Қызылжар аймағының географиялық атауларын жан-жақты қарастыру үшін әртүрлі тарихи карталар, архивтік деректер, географиялық анықтамалықтар және әдеби көздер қолданылды. Омбы және Петропавл уездеріндегі жазбалар зерттеліп, елді мекен атауларының өзгеру тарихы мен динамикасы анықталды. Кеңес дәуірінің карталары, статистикалық мәліметтері мен әкімшілік жазбалары топонимиялық жүйенің идеологиялық және әлеуметтік ықпалдарын көрсетуде негізгі ақпарат көзі болды. Гидронимдер мен ойконимдердің

этимологиясы, этнонимдік және антропонимдік атаулар топонимикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып талданды. Мысалы, Аралагаш атауы «арал» және «ағаш» сөздерінен құралса, Бескөл - «бес көл», Есіл ежелгі түркі тілінде «көк, жасыл» деген мағына береді. Қызылжар атауы жердің табиғи және топографиялық ерекшеліктерімен байланысты. Зерттеу материалдары аймақтың ұлттық ономастикасын, тарихи-мәдени контекстін және топонимиялық кеңістігін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді, бұл Қызылжар аймағының топонимдік карта жасау және болашақ ономастикалық зерттеулер үшін сенімді негіз болып табылады.

Талқылау

Солтүстік Қазақстан топонимиясы табиғи-географиялық факторлар, ежелгі түркілік тілдік-мәдени ықпал, ортағасырлық қоныстану процестері, орыс отарлау жүйесі және кеңестік идеологиялық саясат нәтижесінде қалыптасқан көпқабатты, тарихи-элеуметтік жүктемесі мол ономастикалық құрылым болып табылады. Аймақ атауларын зерттеу бұл өңірдің этнолингвистикалық, тарихи-мәдени және саяси өзгерістерге толы даму жолын айқын көрсетеді. Топонимдердің ежелгі қабатында табиғи нысандардың қасиеттерін сипаттауға негізделген атаулар ерекше орын алады. Мысалы, Аралагаш атауы арал және ағаш сөздерінің бірігуінен жасалып, «арадағы орманды бөліктер», «арал тәрізді тоғайлы жер» мағынасын береді. Мұндай құрылымдық модель түркі тілдес халықтардың кеңістік атауларында жиі кездеседі және табиғи ортаның тілдік бейнесін көрсетеді [Койчубаев, 1974:36]. Осыған ұқсас Бескөл атауы өңірдегі қатар орналасқан бес көлге байланысты қалыптасқан гидроним болып саналады. Сан есім табиғи нысан үлгісі қазақ топонимиясында аса өнімді модель болып табылады және Үшкөл, Жетікөл, Бесқұдық сияқты ұқсас атаулармен сабақтасады [Койчубаев, 1974:65]. Аймақтың ірі гидронимдерінің бірі - Ертіс атауы да көне түркілік тілдік-тарихи қабаттармен тығыз байланысты. Зерттеушілер оның шығу тегін өзеннің табиғи ағысының ирек, бұралаң сипатына қатысты түсіндіреді. VIII ғасырдағы Күлтегін жазбаларында Ертіс түрінде кездесуі бұл атаудың көне дәуірлерде-ақ орныққанын дәлелдейді [Әбдірахманов, 2010:104-105]. Есіл гидронимінің шығу тегі де түркі тілдеріндегі көгілдір, жасыл түсті білдіретін сөздермен байланыстырылады. Түркі тіліндегі йашыл, йесіл, жасыл тұлғаларының фонетикалық даму қатарлары Есіл атауының табиғи семантикасын көрсетіп қана қоймай, оның тарихи-лингвистикалық қалыптасу жолын да айқындайды [Әбдірахманов, 2010:109-110]. Облыс орталығының көне қазақша атауы Қызылжар жер бедеріндегі қызыл түсті жарқабақтарға байланысты қалыптасқан. Бұл атаудың XVII-XVIII ғасырларда-ақ қолданылғанын Қожаберген жыраудың шығармаларындағы деректер дәлелдейді. Орысша атау Петропавловск православиелік дәстүр бойынша Петр мен Павел есімдерімен байланысты қойылған. Орыс тіліндегі -ск жұрнағы қала атауларын жасауға жиі қолданылғанымен, қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне тән емес, сондықтан қазақша нұсқасында ол редуцияланып Петропавл түрінде қолданылады. Мұндай тілдік бейімделу процестері өзге де орысша атаулардың қазақша баламаларында байқалады [Топонимика, 2010:757; Мадиева, Сударун, Борибаева, 2019:152]. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Солтүстік Қазақстандағы қазақша атаулардың елеулі бөлігі ресми карталар мен құжаттарда жаппай өзгертіліп, орысша баламалармен алмастырылды. Отарлау кезеңінде енгізілген жаңа атаулар әкімшілік-әкімгерлік мақсаттарды көздеп, жергілікті халықтың тарихи жады мен тілдік әлеміне ықпал етті. XIX ғасырдың 1830 жылғы карталарында көптеген көлдер, өзендер, қыстаулар мен қоныстардың орысшаланған түрлері басым болғаны байқалады. Кеңестік кезеңде бұл үрдіс саяси-идеологиялық сипат алды. Елді мекендерге революционерлердің, партия қайраткерлерінің есімдері беріліп, тарихи-ұлттық атаулар қолданыстан ығыстырылды. Мұндай антропотопонимдер кеңестік идеологияның топонимия арқылы қоғам санасына әсер еткенін көрсетеді [Тоқшылық, Мәлікова, Ахметжанова, Оспанов, Тайшыбай, 2015:54]. Тәуелсіздік жылдары Солтүстік Қазақстанда тарихи атауларды қалпына келтіру үдерісі біртіндеп қарқын алды. Зерттеулер нәтижесі бойынша аймақтағы 237 елді мекеннің шамамен үштен бірі қазақша тарихи немесе этникалық атауларға ие. Соңғы жылдары ондаған ауылға бұрынғы тарихи атаулары қайтарылып, Петропавл қаласының өзінде 50-ден астам көшеге ұлттық тарихи атаулар берілді. Аймақ топонимиясында этнонимдерге байланысты атаулардың жиі кездесуі өңірдің этникалық құрылымы мен тарихи рулық қоныстану ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен қатар флоралық (Аққайың, Көктерек), түстік сипаттағы (Сарыкөл, Ақсу) және табиғи-ландшафтық сипаттағы атаулар кең таралған. Топонимдердің мұндай көптүрлілігі Солтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігінің күрделілігін, тілдік үдерістердің көпқырлылығын және аймақ халқының тарихи жадының сақталу тетіктерін жан-жақты көрсетеді.

Нәтиже

Солтүстік Қазақстан өңірінің топонимиясы - аймақтың тарихи-этномәдени дамуын, көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара ықпалдасуын, саяси биліктің өзгеруін және табиғи орта ерекшелігін жан-жақты бейнелейтін күрделі ономастикалық жүйе. Өңір топонимиясы тек жер-су

атауларының жиынтығы ғана емес, ол халықтың тарихи жадын сақтайтын, әлеуметтік-экономикалық, этнолингвистикалық және геосаяси үдерістердің көрінісін жеткізетін рухани-мәдени мұра болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Солтүстік Қазақстан топонимиясының ең көне қабатын табиғи-ландшафтық атаулар құрайды. Аралағаш, Бескөл, Есіл, Ертіс, Қызылжар сияқты атаулар табиғи нысандардың морфологиялық құрылымын дәл сипаттап, түркі халықтарының дүниетанымын, қоршаған ортаға деген қатынасын, географиялық құбылыстарды бейнелеудегі тілдік моделдерін айқын көрсетеді. Мысалы, Аралағаш атауы «арал» және «ағаш» сөздерінен құралып, «екі өзен аралығындағы тоғайлы мекен» деген ұғымды білдіреді. Бескөл атауы сан есім мен табиғи нысан атауының бірігуі арқылы жасалып, өңірде орналасқан бес көлдің бар екенін көрсетеді. Есіл мен Ертіс гидронимдері көне түркілік қабатқа жатады және олардың түбірлік мағыналары түркілердің табиғатты тану жүйесімен тығыз байланысты. Бұл атаулар ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып, этномәдени тұрақтылықтың белгісі ретінде қызмет атқарып келеді.

Екінші қабатты этнонимдік негізде жасалған атаулар құрайды. Айбас, Айсары, Мамбет, Майқоткел, Аққозы секілді атаулар ру-тайпа құрамының тарихи жүйесін, олардың көші-қон бағыттарын, этникалық топтардың өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Этнонимдік топонимдер өңірдің этностық тарихын қалпына келтіруде, көне қоныстарды айқындауда және тарихи-мәдени ландшафты зерттеуде аса құнды дереккөз болып табылады. Бұл атаулар тек бір рудың немесе тайпаның қоныстану аймағын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құрылымның да тарихи өзгерістерін бейнелейді. Үшінші қабат XVIII ғасырдың соңында басталған орыс отарлау кезеңіне тән топонимдерден тұрады. 1774 жылдан бастап қазақша атауларды ресми түрде орысша атаулармен алмастыру саясаты жүргізілді. Осы кезеңде Николаев болысы, Пресногорьковская сияқты атаулар пайда болып, әкімшілік-әскери мақсатта енгізілді. Бұл атаулар империялық биліктің аймақтағы ұлттық-мәдени кеңістікке ықпалын, отарлық басқару құрылымының трансформациясын айқын көрсетеді. Тарихи карталарда көптеген көлдер, қоныстар, болыстық атаулар жүйелі түрде өзгертілгені байқалады. Бұл үрдіс жергілікті халықтың тарихи жадын әлсіретуге бағытталған саяси механизмдердің бірі болды. Төртінші қабат кеңестік кезеңге тән идеологияланған топонимдерден тұрады. XX ғасырдың бастапқы кезеңінен бастап елді мекендерге, көшелерге, өндіріс орындарына революционерлердің, партия қайраткерлерінің, мемлекеттік тұлғалардың есімдері берілді. Смирново, Ильичевка, Ленинское секілді атаулар кеңестік идеологияның мәдени кеңістікке тікелей ықпалын көрсетеді. Кеңес дәуірінде топонимдер ұлттық мәдениеттен алшақтап, саяси жүйенің құралына айналды. Бұл кезең топонимиялық картадағы тарихи-мәдени сәйкестіктің бұрмалануына алып келді. Тәуелсіздік жылдары Солтүстік Қазақстанның топонимиялық кеңістігі қайта зерделеніп, тарихи атауларды қалпына келтіру үдерісі қарқынды жүргізіліп келеді. Ондаған ауылдар мен көшелердің атаулары жаңартылып, бұрынғы қазақы атаулары қайтарылды. Қазақша атаулардың үлесі едәуір артты. Бұл үрдіс ұлттық тарихи жақты жаңғыртуға, мәдени-этникалық сәйкестікті нығайтуға, тарихи әділдікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып отыр. Жалпы алғанда, Солтүстік Қазақстан топонимиясы - табиғи орта, этностық құрылым, тарихи кезеңдер және саяси ықпалдардың өзара байланысы нәтижесінде қалыптасқан көпқабатты құбылыс. Топонимдерді зерттеу аймақтың тарихи дамуын, этномәдени болмысын, халық дүниетанымын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Жер-су атаулары - халық жадындағы көрнекі ескерткіш қана емес, ұлттық болмысты айқындайтын мәдени код. Сондықтан топонимиялық мұраны сақтау, зерттеу және қалпына келтіру - ұлттық сана мен тарихи жадыны нығайтудың стратегиялық маңызы бар міндет.

Қорытынды

Қызылжар аймағының географиялық атаулары Солтүстік Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін айқын көрсететін маңызды тілдік құндылық болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аймақтың топонимиясы көпқабатты және күрделі құрылымға ие, өйткені онда ежелгі түркілік атаулар мен қазақ тектес ойконимдер, гидронимдер, этнонимдік және эмоционалды атаулар кеңінен таралған. Аралағаш, Бескөл, Есіл, Ертіс және Қызылжар сияқты атаулар өздерінің этимологиясы, мағынасы және тарихи мәні арқылы аймақ табиғаты мен этникалық құрамымен тығыз байланыста екенін дәлелдейді. Зерттеу барысында Солтүстік Қазақстандағы отарлық саясат пен Кеңес дәуірінің идеологиялық ықпалдарының топонимияға әсері де қаралды. XVIII ғасырдан бастап қазақша атаулар орысша атаулармен ауыстырылып, кейде әлеуметтік-саяси мақсаттарға сай түзетілген. Кеңестік кезеңде партия қайраткерлерінің, революционерлердің және діни мерекелердің есімімен елді мекендерге атау беру үрдісі кең таралған, бұл халықтың тарихи жадысына әсер еткен. Тәуелсіздік жылдарында тарихи атауларды қалпына келтіру, идеологиялық атауларды жою және ұлттық транскрипция нормаларын енгізу аймақ ономастикасын қайта жаңартуға мүмкіндік берді. 237 елді мекеннің 34%-ы қайтадан қазақша атауға ие болып, Петропавл қаласындағы 57 көше тарихи

атауларға ауыстырылды. Сонымен қатар, этнонимдік және флоралық атаулар, жердің түсін бейнелейтін атаулар аймақ топонимиясының ерекшелігін көрсетеді. Қорытындылай келе, Қызылжар аймағының ономастикасы тек тілдік құндылық қана емес, тарихи-мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады. Географиялық атаулар аймақтың этникалық, тарихи және табиғи ерекшеліктерін зерттеуге, әлеуметтік және мәдени үрдістерді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу болашақ ономастикалық зерттеулерге ғылыми негіз жасап, Солтүстік Қазақстанның топонимиялық картасын жүйелеуге, тарихи жақты сақтау мен мәдени мұраны қорғауға үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдірахманов А. Топономика және этимология. - Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. - 240 б. 104-110 бб
2. Койчубаев Е. Қазақстан топонимдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. - Алматы: Наука, 1974. - 274 б. 36-160-бб.
3. Мадиева Г. Б., Супрун В. И., Борибаева Г. А. Ғылыми, халықтық және кабинет этимологиясы (Қазақстан Республикасы қалаларының атаулары негізінде) // Вопросы ономастики. - 2019. - Т. 16, № 3. - 140-160-бб.
4. Оспанов С. М. Солтүстік Қазақстан топонимдері: классификациялау тәсілдері // Ratio et Natura. - 2022. - № 1 (5). - 343-344-бб.
5. Сабиева Е. В., Какимова М. Е., Таласпаева Ж. С., Яковенко Е. Е. Қазіргі тіл білімінде топонимиялық лексиканы зерттеу // Трансшекаралық кеңістіктегі топонимикадағы, фольклористикадағы және этномәдениеттанудағы әмбебап және жергілікті ерекшеліктер: халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2024. - 216 б. 172-175-бб.
6. Тоқшылық Е., Мәлікова С., Ахметжанова Г., Оспанов К., Тайшыбай З. Атамекен атаулары (Солтүстік Қазақстан облысының топонимиялық атаулары). - Петропавл, 2015. - 343 б. 18-248-бб.
7. Топонимика: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруна Ltd., 2010. - 816 б.

КҮРШІМ АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Бактиярова Д.Н

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: baktiarovadilnaz@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданына қатысты жер-су атауларының ономастикалық ерекшеліктері зерттеледі. Күршім - Алтай өңірінің тарихи-географиялық аймағы, табиғи ландшафты аса күрделі, су жүйесі мол, жер бедері контрастылы аудан. Мақалада аудан аумағындағы Күршім, Қалжыр, Ертіс бойындағы шағын салалар, тау жоталары мен жайлауларға қатысты гидронимдер мен ойконимдердің шығу тегі, фонетикалық және семантикалық ерекшеліктері талданады. Зерттеуде тарихи деректер, картографиялық материалдар, этнолингвистикалық тәсілдер қолданылды. Жергілікті атаулардың уәждемесі, көне түркі қабатымен байланысы, халықтық түсіндіру үлгілері және аймақтық топонимдік дәстүрлер қарастырылады. Күршім атауының көне түркі және моңғол тілдік қабаттарымен байланысы анықталып, өңірдің тарихи қалыптасу кезендері ономастикалық тұрғыда сипатталады.

Кілт сөздер:

Аннотация

В статье рассматриваются ономастические особенности топонимов и гидронимов Куршимского района Восточно-Казахстанской области. Куршим - историко-географический регион Алтая с богатой природной средой и сложным ландшафтом. В работе анализируются происхождение, семантика и структура названий рек, горных массивов, долин и населённых пунктов, включая такие объекты, как Күршім, Қалжыр, Ертыш и др. Используются исторические источники, карты, лингвистический анализ и этнографические материалы. Особое внимание уделено древнетюркским корням топонимов, их фонетическим особенностям и мотивационным признакам. Исследование раскрывает культурное, историческое и лингвистическое значение географических названий